

## Теренкөл ауданы бойынша 2019 - 2020 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Павлодар облысы Теренкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 маусымдағы № 1/46 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 шілдеде № 6465 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабы 1) тармақшасына, 13-бабына сәйкес, Теренкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қоса беріліп отырған Теренкөл ауданы бойынша 2019 - 2020 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

О. Бурмин

С. Баяндінов

Теренкөл аудандық  
мәслихатының 2019 жылғы "28"  
маусымдағы № 1/46 шешімімен

бекітілген

## Теренкөл ауданы бойынша 2019 - 2020 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

1. Теренкөл ауданы бойынша 2019 - 2020 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі осы жоспар (бұдан әрі – Жоспар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 173 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" № 3-3/332 бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) занды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдан өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

3. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың жойылу процестерінің алдын алу мақсатында қабылданды.

#### 4. Жоспардың мазмұны:

1) осы Жоспардың 1-қосымшасына сәйкес құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Тереңкөл ауданы аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы);

2) осы Жоспардың 2-қосымшасына сәйкес Тереңкөл ауданы аумағында жайылым айналымдарының қолайлыш схемалары;

3) осы Жоспардың 3-қосымшасына сәйкес Тереңкөл ауданы жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы;

4) осы Жоспардың 4-қосымшасына сәйкес Тереңкөл ауданы аумағында жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы;

5) осы Жоспардың 5-қосымшасына сәйкес Тереңкөл ауданы аумағында жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы;

6) осы Жоспардың 6-қосымшасына сәйкес Тереңкөл ауданы аумағында ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы;

7) осы Жоспардың 7-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі.

5. Топырақ жамылғысы күнгірт-құба түзінділермен ұсынылған, кей жерлерде – сортаң және тақыршық. Ауданның табиғи-климаттық ерекшеліктеріне байланысты жайылымдар табиғи жайылымдарға жатады. Аудан аумағында мәдени және аридті жайылымдар жоқ.

Гидрографиялық жағынан аудан тиімді орналасқан, себебі аудан бойымен Ертіс өзені ағып жатыр.

Аудан аумағындағы өсімдіктер әртүрлі шөпті селеу даласына кіреді. Ең көп таралған: типчак, сілекей, жұқа, тұрлі жусан тұрларі.

Жайылымдық алқаптардың орташа өнімділігі 10 центнерді/ектар құрайды. Жайлымдар жемдерінің қоры ұзынтығы 170-180 күн болатын жайылым кезеңінде пайдаланылады.

6. Тереңкөл ауданы 1963 жылы құрылған, Ертіс жазығы мен Құлыштың даласының тоғысында орналасқан және солтүстік-батысында Ресей Федерациясымен, солтүстік-шығысында Успен ауданымен, оңтүстік-шығысында Павлодар ауданымен, оңтүстік-батысында Железин ауданымен шектеседі. Аудан орталығы – Тереңкөл ауылы. Аумақтық-әкімшілік бөлінісі 12 ауылдық округте орналасқан, 30 елді мекендерден тұрады.

Ауданың климаты күрт континентальды. Қантар айындағы ауаның жылдық орташа температурасы минус 18 градус Цельсийдан минус 19 градус Цельсийға дейін, шілденің орташа температурасы плюс 20 градус Цельсийдан плюс 23 градус Цельсийға дейін. Жылдық атмосфералық жауын-шашын мөлшері 200-300 миллиметрді құрайды. Оңтүстік-батыс және солтүстік-шығыс желдем басым, аңызық жел жиі соғып тұрады.

7. Аудан жерлерінің жалпы жер көлемі 675217,71 гектар (бұдан әрі – га), соның ішінде жайылым жерлер – 108094,59 га.

Санаттары бойынша жерлер келесідей бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 447634,92 га;

елді мекендердің жерлері – 104261,73 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 3549,14 га;

орман қорының жерлері – 22894,0 га;

су қорының жерлері – 7800,0 га;

босалқы жерлер – 86823,92 га.

Тереңкөл ауданында жер балансының мәліметтері бойынша жалпы ауданы 447,6 мың га есептеледі, соның ішінде жайылым 149,4 мың га, барлығы 373 ауылшаруашылық құрылымдар, оның ішінде:

- 60,2 мың га көлемде 216 шаруа және фермер қожалығы, оның ішінде жайылымдар 8,6 мың га;

- 47,8 мың га көлемде 157 шаруашылық серітестік және акционерлік қоғам, оның ішінде жайылымдар 6,2 мың га;

- 4,0 га көлемде 2 мемлекеттік ауыл шаруашылық занды тұлғалар, оның ішінде жайылымдар 4,0 га.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарының жалпы санынан жайылымдар:

- 239,0 га көлемде 1 телім жеке меншіктे;

- 19,8 мың га көлемде 133 телім жер пайдалануда орналасқан.

**Ескерту. 7 - тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 18.11.2020 № 3/64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. Аудан аумағындағы жайылымдардың негізінде пайдаланушылары ауыл шаруашылығы құрылымдары болып табылады. Елді мекендердегі тұрғындардың малдары тағайындалған жерлерде бағылады.

9. Аудан аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны: 41867 бас ірі қара мал, 39102 бас ұсақ мал, 8333 бас жылқы құрайды.

10. Аудан аумағында ветеринариялық-санитарлық 48 объектілері қызмет істейді, соның ішінде 36 мал көмінділері, 12 мал дәрігерлік пункттер.

11. Тереңкөл ауданында малды айдал өтуге арналған сервитуттар белгіленбекен.

Тереңкөл ауданы бойынша

2019 - 2020 жылдарға арналған


жайылымдарды басқару

және оларды пайдалану

жөніндегі жоспарға

1-қосымша

**Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Тереңкөл ауданы аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)**




Шартты белгілер:

- ауылдық округтердің шекарасы
- орман қоры
- су қоймасы
- жайылым
- жер төлімінің иесі
- жер пайдаланушылар

Теренкөл ауданы бойынша  
2019 - 2020 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
2-қосымша

**Теренкөл ауданы аумағында жайылым айналымдарының қолайлыш схемалары**




**Шартты белгілер:**

- Елді-мекен орталығы
- Ауылдық округтердің шекарасы
- Егістік
- ▲ Кезектілік пайдаланылатын жайылымдар
- Кезенділік пайдаланылатын жайылымдар
- Кұбырлы құдықтар
- Шахталы құдықтар

Теренкөл ауданы бойынша  
2019 - 2020 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
3-қосымша

**Теренкөл ауданы жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқа және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы**




**Шартты белгілер:**

- ауылдық округтердің шекарасы
- орман коры
- су қоймасы
- жайылым
- маусымдық жайылым
- - - сыртқа шекарасы 150,1 мың га
- ішкі шекарасы 4,4 мың га
- құдықтар

Теренкөл ауданы бойынша  
2019 - 2020 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
4-қосымша

**Теренкөл ауданы аумағында жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына**  
**сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе**

суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

- ауылдық округтердің шекарасы
- орман қоры
- су қоймасы
- жайылым
- құдықтар
- су көздеріне қол жеткізу

Теренқөл ауданы бойынша  
2019 - 2020 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
5-косымша

Теренкөл ауданы аумағында жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін

жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы




Шартты белгілер:

- ауылдық округтердің шекарасы
- орман қоры
- су қоймасы
- жайылым
- берілген жайылымдарда ауыстыру
- қайта бөлінген жайылымдыр

Теренкөл ауданы бойынша  
2019 - 2020 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару

және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
6-қосымша

**Теренкөл ауданы аумағында ауылдық округ маңында орналасқан  
жайылымдармен  
қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл  
шаруашылығы  
жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы**



Шартты белгілер:

- ауылдық округтердің шекарасы
- орман қоры
- су қоймасы
- жайылым
- шалғайдағы жайылымдар

2019 - 2020 жылдарға арналған  
жайылымдарды басқару  
және оларды пайдалану  
жөніндегі жоспарға  
7-қосымша

## Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік график

№	Ауылдық округі	Ж а й ы л ы м д а р ғ а малдардың айдаштырылу мерзімі	Жайылымдардан малдардың қайтару мерзімі
1	Байконыс	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
2	Береговое	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
3	Бобровка	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
4	Верненка	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
5	Воскресенка	Сәуірдің екінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
6	Жанақұрылыш	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
7	Ивановка	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
8	Калиновка	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
9	Теренкөл	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
10	Октябрьск	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
11	Песчан	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі
12	Федоровка	Сәуірдің бірінші жартысы	Қазанның екінші онкүндігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК